

БӨЛІМ: ТЕХНОЛОГИЯ

Ашық сабақ 6 сынып "Құраққұрау өнері "

ЖАРИЯЛАНДЫ
19.01.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/67297/>

Мерей жалпы орта білім беретін мектебі

Куанова Эльмира Бауржановна Ісанатты технология пәнінің мұғалімі

Тасқала ауданы

Сабақтың тақырыбы: Құрақ құрай білуде өнер.

Сабақтың мақсаты: Құрақ туралы оқушылардың түсінігін арттыру. Қазақ қолөнеріндегі құрақтың шығу тарихына тоқталу. Тұтыну заттарында немесе бұйымдарында қалай пайдалану керектігін үйрету.

Құрақ түрлерін, тігуді меңгерту.

Білімділік: Мата қиындыларынан түрлі құрақтар тігіп үйрену. Құрақ қиындыларын әзірлеуді мата түстерін таңдай білуді, дайын үлгіні пайдаланып қиюды, дұрыс біріктіріп үйрену.

Дамытушылық: Оқушылардың ұлттық бұйымға қызығушылығын арттыру, эскизді матаға сыздыру, эскиз бойынша матаны қию, құрақ қиындыларын біріктіру, құрақ құрауға деген ептілік, икемділігін дамыту.

Тәрбиелік: Халқының өнерін, салт-дәстүрін бағалай білуге, ұқыптылыққа, төзімділікке, шыдамдылыққа, үнемділікке, төзімділік пен сабырлыққа, тазалық пен әсемдікке баулу. Құрақ құрау өнері арқылы эстетикалық, ойлау қабілеті терең дамыған, жан дүниесін бай, ой-өрісі кең тұлға тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: ізденіс-шығармашылық, сарамандық.

Сабақтың формасы: практикалық дағдыны қалыптастыру

Сабақтың көрнекілігі: Қажетті құрал-жабдықтар : интерактивті тақта, құрал-жабдықтар, ине, жіп, қайшы, дайын үлгі, сызғыштар, мата қиындылары, құрақтан жасалған бұйымдар түрлері.

Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы, геометрия, сызу, бейнелеу, математика, эканомика .

Сабақтың оқыту әдісі: Іздену, түсіндіру, сұрақ-жауап, интерактивті тақтамен жұмыс, көрнекі арқылы көрсету, сарамандық жұмыс.

I. Сабақ барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

а) Сәлемдесу

- ә) Сабаққа қатыспаған оқушыларды белгілеу.
- б) Сабаққа дайындығын тексеру, құралдарын толықтыру.
- в) Қауіпсіздік ережелерін сақтау.
- г) Бағалау бетшесін таныстыру.

Сабақтың басталуы:

Тренинг жүргізу: «Тәрбие бастауы» тренингтің жүргізілу шарты оқушылар қол ұстасып тұрып бір-біріне сәттілік тілей отыра, атын атап, адам бойындағы қасиеттерді айтады. Мысалы. Әсем ұқыпты бол,

Тренингті ұстаз бастайды, соңығы оқушы ұстазға сәттілік тілейді.

Сабақтың жүрісі. Дәптерді ашып сабақтың тақырыбын жазу.

Тақтадағы сабақ жоспарымен таныстыру.

II. Үйге берілген тапсырманы тексеру.

Мұғалімнің кіріспе әңгімесінен басталады.

Құрақ құрау бұл аса шеберлікті, шыдамдылықты қажет ететін қолөнер түрі.

Біздің қазақ тілінде құрақ сөзінің екі мағынасы бар. Біріншісі, көлдің жағасында өсетін өсімдікті құрақ десе, екіншіден, мата қиындысынан жасалатын бұйымды құрақ дейміз. Біздің бүгін айтқалы отырған құрағымыз көл жағасында өсетін шөп, өсімдік емес, мата қиындысынан құралып жасалатын көрпе-көпшік ретінде пайдаланатын құрақ. Құрақ дегеніміз шығынсыз өнім жасаудың бір түрі. Негізінен құрақтың 200 — ден аса түрі бар. Халықтың ұлт екенін айыратын 3 негізгі арнасы бар:

- тіл өнері
- саз өнері
- қолөнері

Халқымыздың қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданылатын

өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру сияқты шығармашылық жиынтығын айтамыз.

Абай атамыз айтқан бес дұшпанның бірі – ысырап болса, өнердің бұл саласы сол ысырапшылыққа жол бермейді.

Құрақ көрпешелердің әрбір бөлшегі геометриялық фигуралардан тұрады. Шаршы, алтыбұрыш, трапеция, тең бүйірлі үшбұрыш, пирамида, ромб, тіктөртбұрыш, параллелограмм.

Құрақтың атаулары әр түрлі:

- а) қазақ тілінде құрақ құрау өнері – құрақ.
- б) орыс тілінде құрақ құру өнері «лоскутное шитье» немесе «мозаика».
- в) жапон тілінде құрақ құрау өнері «сашико».
- г) ағылшын тілінде құрақ құрау өнері «печворг» және «квилт»- деп атайды.

Құраққа қойылатын талап біреу – ол мата бөлшектерінің симметриялы болуы және түстерінің үйлесімді орналасуы.

Түс шеңберінде түстер екі топқа бөлінеді: жылы және суық. Түс шеңберінде бір-біріне қарсы тұрған түстерді қарама-қарсы түстер дейді. Олар қызыл-жасыл, сары-күлгін, көк-

қоңыр т.б.

Құрақтың түрлері төрт топқа бөлінеді:

1. Табиғат. 2. Жануарларға. 3. Геометриялық. 4. Аспан әлемі.

Сендерге үйге құрақ құрау өнері туралы ізденіс жұмысы тапсырылған. Ендеше, кім нені біліп келгеніне ой бөлісейік.

1. Құрақ- дегеніміз не, құрақтың мағынасын түсіндір?

Слайд №5. Құрақ құрау, ұлттық қол өнерінің бір түрі. Ертеде қазақ даласында қымбат маталар тапшы болғандықтан, киім-кешек тігушілер қалған маталардың қиықтарын бір кәдеге жаратуға тырысып, олардан әртүрлі бұйымдар жасаған. Сөйтіп, құрақ құрау өнері дүниеге келген.

Бұл қолөнердің негізі әртүрлі символдармен де байланысты. Мәселен, үшбұрыш құрағының мәні әлемдегі үш дүниені ұштастыру екен, яғни үшбұрыш – су, жер, ауа – үш ғаламның белгісі. Бұл құрақтың мағынасы – ғаламдық тепе-теңдік пен тұтастық. Бал арасының ұясы негізінде «Алты табақ» құрағы пайда болған. Мағынасы, тәттілік пен молшылықты білдіреді. Сонымен қатар құрақ өнері арқылы жануар, құс бейнелерін де мата бетіне салуға болады екен. Баяғы Сақ заманынан бастап, өмір құбылыстарын қолөнер арқылы көрсетуге машықтанған көшпелілердің қолөнер дәстүрінің нысандық мәні бар. Сол кездегі «жұп», «су» секілді мағыналы ою-өрнектер күні бүгінге дейін өз мән-мағынасын жоғалтпады.

2. Слайд № 6,7. «Құрақ көрпе – отбасындағы береке-бірліктің белгісі»- деп әжеміз айтты. Бұрындары қазақтың ісмер қыз-келіншектері мата қиындыларынан көрпе-көпшікке көздің жауын алардай құрамыс тыс тігуші еді. Әдетте көрпе-көпшіктің қырық құрақ тысында сан алуан сәнді түс керемет үйлесім тауып, көз қуантады.

Қазір ине ұстап, қазақтың ұлттық киімін тігіп, ою-өрнегін ойып, жоғалып бара жатқан мәдени мұрасын қайта жаңғыртып жүрген шеберлер өте көп.

«Шеше көрген тон пішер» дегендей әсіресе, қыздарға «Іс тіге білу баға үшін емес, өмірлеріңізге керек» деп отырады. Киіз басып, ою ойып, құрақ құрап, алаша тоқыған бұл кісілер бүгінде өмірден озған. Бірақ, өздері жоқ болса да, ұрпақтарына қалдырған бұйымдары көп. Сірә, «Өнер өлмейді» деген осы болса керек.

3. Ал құраққа қандай маталар қолданылады?

Слайд №8. Құраққа мынадай маталарды қолдануға болады: Қамқа – алтындатқан немесе күмістеткен зерделі жіптен тоқылған жібек мата. Қатипа – жол-жолы бар, жұқа жібек мата. Барқыт, шыт. Торқа – ең қымбат жібек мата. Батсайы – қалың жібек кездеме. Торғын – қымбат бағалы жібек матаның бір түрі. Мақпал – тығыз тоқылған, жұмсақ, түкті барқыттың бір түрі. Қыжым – сапалы жүнен тоқылған түкті мата, плюш. Пай – жібек мата. Парша – алтын мен күмісті араластыра отырып тығыз тоқылған жылтырақ жібек мата және сол матадан тігілген қымбат бағалы киім. Қазине – жібектен қалыңды – жұқалы етіп тоқитын мата. Шағи – жұқа келген жұмсақ және таза мата. Ләңке –

сырткиімдік матаның бір түрі. Насар – жібек кездеме. Ұштап – ақ түсті тығыз мата. Шыт – арзанқол жұқа мата. Сәрпөңке – астарлық жібек мата. Бояқ – кездеменің боялған түрі. Борлат – қызыл түсті жұқа мата. Тібен – түрлі-түсті қалың мата.

4. Құрақтың қандай түрлері бар?

Слайд №8.Түрлі түсті мата қиындыларынан құрақ құрау жұмысы – нәзік сезімді, түсті аңғарғыш, эстетикалық талғамы еркектерден жоғары тұратын әйелдердің еншісіндегі іс болған. Ел арасында құраққа қатысты бірсыпыра атаулар қолданылады: құрақтың суы – құрақтардың арасына жүргізілетін бір түсті жолақтар, құрақтың көзі – құрақтардың ортасына басқа түстен тігілетін өрнек, яғни басқа құрақ соның айналасына тігіледі, кекілік қас – ақ және қара маталардың қиындыларынан кекіліктің қасына ұқсатып тігілген құрақ, қайшы құрақ – кекілік қас құрағының негізінде тігіліп, көздігінің жанына қайшы пішініндегі кішкене құрақтың ұластырылған түрі, таңлай құрақ – адам таңдайының пішініндегі өте майда құрақтар, жұлдыз құрақ – таңдай пішінді құрақтан құралып, көздері тең үшбұрышты түсті барқытпен көмкерілген түрі, тырнақ қатар – тырнаққа ұқсаған үшбұрышты құрақшалардан құралған түрі, т.б

5.Құрақтың жасалу жолы қандай?

Слайд №9. Матаны құрау үшін ең бірінші, қандай құрақ құрайсың, сол құрақтың сызбасын қағаз бетіне түсіріп аламыз. Екінші, матаның түр-түсінің үйлесімділігін анықтау үшін оны түс таңдай отырып, бояп аламыз. Осыдан кейін геометриялық пішінде үлгі қағаз даярлап аламыз да, сол қағазды үлгі етіп, пайдалану арқылы, матаны қағаз мөлшерімен қиып аламыз. Қиылған матаны сызба үлгіге қарап белгіленген өрнек бойынша рет-ретімен, әуелі ортаңғы бөлік, содан кейін шеткі бөліктерді тігеміз. Міне, осындай жұмыстар жүргізу арқылы құрақ құрау технологиясын меңгереміз.

6. Құрақ құрау екі мақсатты көздейді.

Слайд № 9. Пішілген қиымды маталарда іске асыру:

2. Құрақ жастық, құрақ көрпеше тігіп, үйдің сәнін кіргізу.

Құрақ бірнеше түрге бөлінеді:

Шатыр құрақ.

Бота көз құрақ.

Тырна құрақ.

Қарсы құрақ.

Саты құрақ.

Ши құрақ

Қайшы құрақ.

Махмат құрақ.

Жұлдыз құрақ.

Оюлы құрақ.

7. Құрақ құрау үшін алдымен не істеуіміз керек?

Құрақ құрау үшін ең алдымен, қажетті материалдар таңдап алынып, олар түрі, түсі,

матасына қарай сұрыпталады. Яғни, маталардың барқыт, жібек,сиса, сәтен кесінділері жеке-жеке бөліп алынады.Содан кейін ісмер әйел не бірыңғай барқыттан, немесе бірыңғай жібектен құрақ құрауға кіріседі. Бұл істі бастамас бұрын әрбір түстің бір-біріне сәйкес келуіне, бірін-бірі ашып тұруына айрықша көңіл бөлінеді. Құрақ құрау, қалдық қалдырмау.

8. Құрақ тұралы қандай ырым тиымдар білесіңдер?

Салт дәстүр ретінде, құрақ құрап, қыз жасауына міндетті түде қосады, ол жас отбасының жеке отбасы деген мғынаны білдіреді. Қашанда әдемілік пен сұлулыққа құштар ата-бабамыз ұзатылған қыздың артынан жасау апарғанда махаббат нышаны ретінде «Аққу құрақ» көрпесін апарған.

Қонағын төрге шығаратын халқымыз құрақ көрпесін төрге төсеген. Ол – сыйластықтың белгісі. Дүниедегі әрбір зат майда бөлшектерден құралады. Сол секілді әр үйде құрақтан жасалған бұйымның болуы отбасының берекесі мен ынтымағын құрайды. Тіпті біздің әжелеріміз ерте кезде балалары өліп тоқтамаған отбасылардың үйін «тіл-көзден аман болсын» деп ырымдап, «қырық құрақ» құрап, баласын соған ораған екен.

Мұғалім сөзі.

“Әр үйде құрақтан жасалған бұйымның болуы отбасының берекесі мен ынтымағын көрсетеді”- деп, әжелеріміз айтады. Сол себепті қыз барған үй берекелі болсын деп құрақ сыйлайды.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.